

ДИПЛОМАТИЯ: КОММУНИКАЦИЯ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘРТІП НЕГІЗДЕРІ

Дипломатия теориясы





Теорияны зерттеу – кез келген ғылыми пәннің ең күрделі бөлігі, сондықтан автор бұл кітапта әрбір теорияны түсіндіре отырып, оқырман не туралы сөз қозғалып жатқанын және ұсынылған теориямен қалай байланысты екендігін елестете алуы үшін тарихи оқиғадан мысал келтіреді. Қақтығыстар туындаған кезде, әрбір мемлекеттің осы процесті әрі қарай шешу үшін өз талаптары болады. Қалай және қайда қолданылады? Автор оны мысал ретінде түсіндіреді.

1859 жыл Пьемонт-Сардиния патшалығы Италияны құру жолында Австриядағы Италияндық провинцияларда тәртіпсіздіктерді арандатып, Франциямен құпия одақ жасасуға кіріседі және Австрия шегарасына жақын жерде соғыс маневрлерін жүзеге асыра бастайды. Нәтижесінде австриялықтар жұмылдырылып, соғыс ықтималдан асып түседі. Ымыраға ұсыныс өзге өкілеттіліктерден ұсынылады, бұл ұсынысқа сәйкес австриялықтар демобилизацияға айырбас ретінде өз әскерлерін әкету керек болатын. Жеке дипломатиялық келіссөздерде австриялықтар бұл келісімді қабылдамай, алдымен Пьемонттықтардың демобилизациялануын талап етті. Мұндай жағдайлар байланыстың күрделілігін көрсетеді, ал кейде олар мүмкін емес көрінеді. Барлық тараптар австриялықтардың не қалайтындарын білетін, алайда олардың басынан білмегені бұл Австрияның көбірек нені қалайтыны: соғыс немесе ымыраға келу. Бұл жағдайда жеке келіссөздердегі келісімдер неліктен неғұрлым сенімді дыбысталады деген сұрақ туындайды. Австрия күресуді қаламаса да, елеулі талап қоюды қалады. Дегенмен бақылаушылар Австрияның бас тартуынан белгілі бір сабақ алды. Австриядағы Британ елшісі осы оқиғаға сәйкес тұжырым жасады, «Австрия үкіметі осындай ымыраға келісетіндігіне үміті болған жоқ». Рецензенттер бұл тұжырымға қандай жолмен келді? Бірқатар факторлар елшінің қорытындысына әсер етті, ол, бәлкім, келесідей қарапайым болжам жасаған болар: көп талап ете отырып, Австрия ымыралы шешімге қол жеткізуден бас тартты, Австрия Пьемонттың соғыссыз жол беретіндігіне сенгендіктен неғұрлым елеулі талап қойды. Осы механизмнің арқасында, мемлекеттік талаптардың көлемі, әдетте, оның тез шешім қабылдай алатындығы жөнінде халықаралық саясатта қарсыластарына ақпарат береді. Қарама-қайшылықты айқындайтын халықаралық қатынастар туралы көптеген әдебиеттерге қарамастан, мұндай қарапайым тұжырымдар әдетте дипломатиялық қатынастарда ұтымды болып табылады.

Бұл дәрісте 1995 жылы «Rationalist Explanations for War» International Organization» кітабын жарыққа шығарған Джеймс Фиронның үлгісі талданады. Ол екі маңызды ережені есепке алу барысында, жоғары талаптар мемлекеттің қолайлы нәтижелерге қол жеткізуі үшін күресу шешімінің қабылдануын арттыратындығын айтты. Біріншіден, келіссөздер бейбіт келісімге келген кезде, соғысқа жол бермеу үшін екі жақ та жауапкершілікке тартылуы керек. Бұл үрдіс проблемаларды өзара бөліп алу мүмкін жағдайда немесе келіссөздер негізіндегі есеп айырысу екі жақ қатысатын келіссөздер процесінің нәтижесі ретінде пайда болады. Екіншіден, егер тіпті тиісті қауіп-қатер болған жағдайда, жоғары талаптардың ықтималдығы аз болуы керек. Бұл жағдай, егер тараптар балама нәтиже соғысқа әкелетінін білсе де, ымыраға келу мүмкін болмаған жағдайда пайда болуы мүмкін. Халықаралық келіссөздердегі модельдеудің көптеген тәсілдері осы жағдайларды теңгерімде ұстайтын динамиканы тудырады. Іс-шараның бірінші шарты бойынша, әскери әрекеттерді артық көретін түрлер ымыраға ие болудың маңыздылығын қамтамасыз етеді. Осылайша, мемлекеттердің талаптары үлкен болған сайын олар өздеріне қауіп туғызады. Ең басты қауіп – бұл мемлекеттің артықшылықтары туралы ақпарат. Мемлекет ымыраға келу туралы ұсыныс жасаған уақытта әлсіздігін білдіреді, себебі ол жаудың тәуекел етіп отырған мемлекет одан да көп талапқа келіседі деген ұстанымын арттырады. Бұл қарсыластың максималды талапқа келісуінің ықтималдығы аз болған жағдайда ғана жүзеге асырылады. Мұндай жағдайларда, егер соғысқысы келмейтін мемлекеттерге жеңілдіктер ұсынылмаса, онда оларға тек жеңілдетілген концессиялар ұсынылады, нәтижесінде екі ел де бірдей ымыраға келуге дайын екендігі туралы белгі жібереді.

Ұстанымды мемлекеттер әлсіздіктің белгісін қабылдайды, себебі олар максималды талапқа келісу ешқандай талапқа жол бермеудің үлкен қатерін тудыратындығын түсінеді, ал қалыпты талаптар қалыпты жеңілдіктің жоғары ықтималдығын білдіреді. Сондықтан кейде мемлекеттер әлсіздіктің белгісі болып табылатын ұсыныстар білдіреді. Бір жағынан, егер бұл жағдайда қарсыластың барынша жеңілдік жасай алатын мүмкіндігі болса, ымыраға келу туралы ұсыныс жасалмайды, ал жасалып қойылған болса, онда олар орын беріп отырған мемлекет әрі қарай орнын береді деген қорытындыға келмейді. Мұның себебі, соғысқысы



келмейтін мемлекеттерге ешқандай жеңілдіктер ұсынылмайды, сонымен қатар максималды талаптар қойылады, егер ымыраға келу ұсыныстары жасалған болса, мұндай ұсыныстар тек қандай да бір ымыраға келмейтін, соғысқа дайын мемлекеттер арасында жасалады. Осылайша, қарсылас, қалыпты талапқа сәйкес, қалыпты жеңілдік қақтығыстың алдын алу үшін қажет екендігін түсініп, қорытынды жасауға мүмкіндік алады.

Кез келген әскери дипломатиялық акт халықаралық қатынастарда өзінің ізін қалдырады, уақытылы қабылданған қорытындылар мемлекетке, әрқашан қауіпті мемлекетке қарсы алдын алу шараларын қабылдауға көмектеседі. Бұл жағдайда талдаушыларға қауіптердің көлеміне негізделген қорытындылар көмектеседі. Мемлекеттер іс-қимылын зерттейтін ғалымдар мен саясаткерлер сыртқы саясатты дамытуда қарсыластардың жұртшылықтан тыс жерде болып жатқан дипломатиялық келіссөздерден неліктен сабақ ала алмайтындығын талқылауды жалғастыруда. Автордың пайымдауынша, қарсыластар бір-біріне толықтай сенім білдіре алмайды. Төменде келтірілген талдау осы тұжырым негізделген болжамдарды көрсетеді және сансыз талаптар көлемін көптеген халықаралық контексттерде ақпарат беруге мүмкіндік жасайтын қарапайым рационалистік механизммен таныстырады.

Осы кітапта сипатталған және талданған модельдер Кроуфорд және Собель мақаласында басталған дәстүрді ұстанады. Мақала 1982 жылы «Strategic Information Transmission» деген атпен басылып шығарылды және ғалымдар арасында кең көлемді резонанс тудырды. Олар өз кезегінде коммуналдық қызметтерге және ойыншы нұсқаларына ешқандай әсер етпейтін әрекеттердің, ойын-теориялық үлгілердің тепе-теңдігіне айтарлықтай әсер етуі мүмкін екендігін көрсетті. Бұл «құнсыз сигналдар» ақпарат беру арқылы тепе-теңдікке әсер етеді. Бұл модельдер келіссөздерді жақсы көрсетеді, себебі сөз көбінесе материалдық контексттерге немесе артықшылықтарға және субъектілердің нұсқаларына тікелей әсер етпей, нәтижеге айтарлықтай әсер етеді. Сөздің оқиға барысына әсері, әдетте, сөйлеудің тікелей әсері емес, басқа актерлердің оған қалай жауап беретінінің нәтижесі.

Теорияны зерттеу

Экономика және саясатта келіссөз процесінің негізі ретінде модельдік қарым-қатынастың әртүрлі тәсілдері қолданылады. Қазіргі таңда Рубинштейннің үлгісі жоғарыда аталған модельге балама болып табылады. Оның кітабы «Perfect Equilibrium in a Bargaining Model» деген атпен Фиронның кітабы жарыққа шыққан жылы жарияланды. Төмендегі мақалаларда ойыншылардың артықшылықтары келіссөздердің нәтижесіне қалай әсер ететіндігі, келіссөздер нәтижесі неғұрлым тиімді болатын талаптарға сәйкес тараптардың тез шешім қабылдай алуы келісімдерге қол жеткізуде кідіріссіз жеткізілетіндігі туралы сұрақтар қарастырылады. Мұндай көзқарасты жақтаушылар Пауэлл, Сланчев, Левентоглу және Тарар секілді ғалымдар. Дегенмен автор өзі (осы кітаптың авторы) жоғарыда аталған ғалымдардың бірнеше түсіндірмесімен келісе отырып, сәл өзгеше теориялық негіздемені қорытындылады.

Трэггердің пікірінше: «Мен бұл көзқарасты бірнеше себептерге байланысты ұстанбаймын. Ең бастысы, бұл модельдер нәтижесінде әңгіменің ақпарат беру және оқиға барысына әсер етуіне қатысты мәселелерді шешуге арналмаған. Қандай жолмен талап ету саласы ақпарат бере алады деген сұрақ осы дәрісте қарастырылатын басты сұрақ. Жауаптардың бірі неғұрлым жоғары талаптар тез шешім қабылдауға мүмкіндік береді, себебі мұндай талаптар келіссөз жолымен шешу қол жеткізудегі кешіктірулерді және тіпті шешімге жетуде қауіп-қатерді қабылдауға дайын екенін білдіреді.

Трэггерден айырмашылығы, төменде келтірілген модель ойыншылардың сол мәселе бойынша бейбіт реттеудің нәтижелерімен салыстырғанда қарама-қарсы артықшылықтарға қатысты жағдайларда қолданылады. Мұндай жағдайларда төменде сипатталған модель халықаралық келіссөздердің жақсы үлгісі болып табылады, мысалы Бірінші Парсы шығанағы соғысы алдындағы келіссөздер. 1991 жылы ақпан айында АҚШ егер екі күн ішінде Ирак Кувейтті тастап кетпесе, жер үсті шабуылын жүзеге асыруға уәде берді. АҚШ-тың талабы екі негізгі бөлімнен тұрды: Кувейтті босату талабы және белгілі бір шығыс кестесіне байланысты болды. Сол уақытта Ирак Кувейтті 21 күнде босатуға ұсыныс тастаса, ал АҚШ Кувейт қаласын



4 күнде босататындығын ұсынды. АҚШ-тың екінші сұранысындағы қысқа мерзімді жоспарының маңыздылығы, АҚШ өз сыртқы саясатының стратегиясына Ирак мемлекетінің қатысуы. Біріншісі өздерінің алгоритмдерін талап етті, ал Ирак өз кезегінде өзінікін ұсынды. Осы қақтығыс кезінде АҚШ-тың басты мақсаты Ирак армиясының көршілеріне қауіп төндіру мүмкіндігін азайту болды. Ирак режимі бірінші талапты қабылдады, бірақ уақыт өте келе жеделдетпеді.

Ирак АҚШ-тың Кувейттің тәуелсіздігін қалпына келтіру үшін шайқасатындығына айтарлықтай сенімді болды, бірақ Ирактың көшбасшылары мен талдаушылары АҚШ Кувейттен әскерлерді шығару кестесіне көне ме, әлде әскери әрекеттерге бара ма білмеді. 23 ақпанда АҚШ жеке келіссөздер кезінде Совет Одағының медиаторларына Ирак мемлекеті әскерлерді шығару кестесін қабылдамайтындығын хабарлады. Егер Ирак Кувейттен әскерлерді шығарудың жеделдетілген кестесіне келіспесе, басып кіретіндігін білдірді. Осындай контексттерде көптеген өтініштер ақпарат беруі мүмкін. Іс жүзінде, мұндай жағдайларда қауіп төндіретін мемлекет толық концессияны талап еткен кезде, қатер төнген мемлекет қауіптің сенімді екенін дәл біледі.

АҚШ-тың сигнал динамикасын түсіну үшін Ирак үкіметінің АҚШ талаптарынан не алуы мүмкін екендігін талдаймыз. Біріншіден, Ирак АҚШ-тың сұранысын қанағаттандыру үшін әскери әлеуетін қорлауға баратыны екіталай. Екіншіден, Америка Құрама Штаттары тездетілген кесте бойынша талап еткендіктен, Ирак үкіметі өз әскерлерін бір жақты тәртіппен неғұрлым баяу кестеге сәйкес шығаруға бел байламады, себебі Ирак күштері өздері таңдаған және дайындаған позицияларын қалдырып АҚШ шабуылына осал болар еді. Осылайша, Ирактың жеделдетілген жоспарына үлкен концессияны талап еткенде, АҚШ Ирак тарапынан ішінара жеңілдіктер болмайтындығына кепілдік берді. Дипломатиялық дағдарыстарда мұндай динамика жиі қайталаанады. Әрине, үкімет әрқашан бірқатар сигналдар мен көрсеткіштерге тап болады; бұл олардың біреуі ғана. Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, қысқа уақыт ішінде Ирактың маңызды ымыраға келуін талап еткенде, Америка Құрама Штаттары Ирак тарапынан ешқандай жеңілдіктер болмайтындығына көздері жетті. Керісінше, АҚШ үкіметі Ирак әскерлерінің баяу шығарылуын талап еткен болса, онда әлбетте, Ирак мұны құптар еді. Ирак АҚШ үкіметінің тарапынан тездетілген кестені американдық саясаткерлер үшін тиімді екенін түсінді. Келіссөз модельдерінің теориясы өте күрделі және әртүрлі, мұнда талдаушының аналитикалық қабілеттері ғана емес, сонымен қатар түйсігі де болуы керек. Әрбір мемлекет қақтығыс мәселесін шешу жолында ымыралы келісімге қол жеткізуге тырысады. Ымыралы нәтижелермен келісім жүргізу моделін қарастырайық.

Трәгер моделі үш аспекттен басқа, Фиронның әңгімелесу коммуникация моделінің танымал үлгісіне ұқсас:

1. Мемлекеттерде ымыралы шешімдердің дискретті жиынтығы бар.
2. Екі тарап бір-бірінің айқындығына сенімді емес.
3. Мемлекеттер ымыраға келудің нәтижесі соғыс құнын көбейтетіндігіне толықтай сенімді емес.

Үш аспект:

1. Мемлекеттерде ымыралы шешімдердің дискретті жиынтығы бар.
2. Екі тарап бір-бірінің батылдығына сенімді емес.
3. Мемлекеттер ымыраға келудің нәтижесі соғыс құнынан асып түсетіндігіне толықтай сенімді емес.

Модельдегі осы модификациялар көбіне халықаралық саясаттың фактілеріне сәйкес келеді. Біріншіден, келіссөздер бірнеше дискреттік (оқшауланған) нұсқаларға бағытталған, бұл кейде нұсқалардың дискреттік жиынтығы ғана практикалық болып табылатындығының арқасында жүзеге асады. Екінші жағынан, бірде-бір мемлекет қайраткері қарсыластарының бір-біріне ұсынған ымыралы шешімдерін қаншалықты ойға салатындығын, талқылайтындығын нақты айта алмайды, ал бұл әсіресе дипломаттардың жиі талпынатын іс-әрекеті.

Фиронның моделіне сәйкес, «Signaler», яғни «Белгі беруші» және «Мишень» деп аталатын екі ойыншы бар. Бірінші кезеңде, келіссөздердің қорытындысы бойынша әрбір ойыншы үшін ымыраға келудің жағымды жағы жасалады. Әр ойыншы үшін қажетті үш функция бар.



Оларды «төмен», «орта» және «жоғары» деп түсіндіруге болады. Екінші кезеңде сигнал көзі ретінде түсіндіруге болатын «Сигнал беруші» өз Мишеніне бірқатар хабарламаларын жібере алады. Ескертуден кейін, Мишень үш есептелген нәтижелердің біреуін таңдайды, бұны сіз автор құрастырған формула бойынша көре аласыз $\{x_l, x_m, x_h\}$. Соңғы кезеңде Сигнал беруші $R \{0, 1\}$ таңдайды, мұнда $r = 1$ соғыс бастау туралы шешімді білдіреді және $r = 0$ бейбітшілікті білдіреді, содан кейін ойын аяқталады.

«Әрбір мемлекеттің әрекеті осындай күрделі алгоритмді ұстанады», – дейді автор. Автор ойыншылардың тілектерін ескере отырып, екі тараптың да сенімді емес екендігін, екінші жақтың күресетіндігін немесе үш ымыралы шешімнің бірін қабылдайтындығын пайымдайды. Мұндай белгісіздік екі жақ та соғысты қалайды деген келісілген шешімнің мүмкін емес екендігін білдіреді. Алайда бұл тұжырым даулы, себебі бұндай тілек-артықшылықтар елеулі тәуекелге жол бермейтін функциялар көмегімен модельделуді көздейді, бұл өзара қолайлы келісілген шешімдердің болу керектігін білдіреді. Дегенмен жоғарыда сипатталған белгісіздік – бүгінгі күнде көріп отырғанымыздың нәтижесі. Мысалы, Екінші дүниежүзілік соғыстың алдында, Ұлыбритания мен Германия Чехословакия туралы келіссөздер жүргізгенде, бірде-бір тарап екінші тараптың келіссөз шешіміне келісетіндігін білмеді, бұл келіссөз Германия өзіне тек қана Судет облысын қосып алатындығы туралы болатын. Шын мәнінде, ымыраға келудің мәні – келісім, яғни екі жақ та екінші тараптың келіссөз шешіміне келісетіндігін білмейді. Ымыраға келу көп жағдайда екі тарап басында ешқашан бас тартпайтындығы туралы жариялап алғаннан кейін, бас тарту фактісін қабылдамайды. Мұндай келісімге келісетін және келіспейтін мемлекеттердің түрлері бар. Бұл тікелей екі жақтың қабылдауға дайын келісілген шешімдерінің болмауы мүмкін дегенді білдіреді, неге мұндай белгісіздік бар және оны дәстүрлі модельдеу тәсілдерімен қалай үйлестіру керек – бұл күрделі мәселелер. Осындай белгісіздіктер туындап отырады және олар халықаралық саясат модельдерінде ескерілуі керек.